

XFTAP 14.35.01

Н.П. Албытова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: nalbytova@mail.ru)*

Білім алушының қауіпсіз және жайлы білім беру ортасы

Аннотация. Мақалада педагогтардың білім беру ортасында және өзара әрекеттестікте психологиялық қауіпсіздік пен жайлылықты құру және қолдау көрсетуіне байланысты қазіргі заманғы білім беруді дамыту мәселелері қарастырылады. «Білім беру ортасы» ұғымының мәнін анықтаудың ғылыми тәсілдері, білім беру ортасының құрылымы, ерекшелігі мен түрлеріне талдау жасалады.

Білім беру ортасының құрылымын анықтауда автор отандық және шетелдік авторлардың ғылыми зерттеулері мен жарияланымдарына сүйенеді.

Автор қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру тек теориялық білімді меңгеру нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар оны ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыру нәтижесінде мүмкін болатынын атап өтеді. Және жаңаша көзқарас, идеалдар мен құндылықтар жүйесін, адамдардың қауіпсіз мінез-құлық нормалары мен дәстүрлерін, жалпы өмір сүру мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығына назар аударылады.

Түйін сөздер: даму, орта, әлеуметтік орта, білім беру ортасы, білім беру ортасының құрылымы, білім беру ортасының ерекшелігі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-130-1-19-24>

Түсті: 18.09.19/ **Жарияланымға рұқсат етілді:** 24.09.19

Ақпараттық қоғамда білім әлеуметтік өрлеудің маңызды факторларының бірі болып саналады. Бүгінгі таңда кез келген деңгейдегі проблемаларды шешуге дайын болу үшін үздіксіз даму қажет. Яғни, тұрақтылық жоқ әлемде адамның өз бетімен білім алуы өмірлік маңызды қажеттілік болып отыр. Бұл жағдайда білім беру білім алушылардың өзіндік табиғи шығармашылық әлеуетін толық және жан-жақты іске асыруға, бақытты және табысты болуға мүмкіндік беретін әлеуметтік рөлдердің кең ауқымын меңгеруін қамтамасыз етуі тиіс.

XXI ғасырда білім берудің негізгі миссиясының тұжырымдамалық мазмұнын алғаш ұсынған және оған Жак Делор басшылық еткен комиссияның қорытындысы бойынша үнемі өзгеріп отыратын әлем және кеңейіп келе жатқан жаһандану жағдайында білім алушылардың білім жетістіктерінің сапасы адамға өмірлік табысқа қажетті «төрт тағанды» меңгерумен бағаланады деп ұсынды, олар: танып-білуді үйрену; әрекет етуді үйрену; бірігіп өмір сүруді үйрену; өмірге төзімді болуды үйрену [1].

Педагогикалық үдерістің нәтижелілігі педагогтардың жайлы (комфортты) білім беру ортасын ұйымдастыра білулерінің ғылыми тәсілдерінің теориясын меңгеріп, практикалық қолданыс дағдыларының қалыптасуына байланысты.

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде педагогтардың білім беру және әлеуметтік ортасында және педагогикалық өзара әрекеттестікте психологиялық қауіпсіздік пен жайлылықты құра білу және қолдау іскерлігіне байланысты түрлі проблемалар мен шиеленістер туындайды. Жайлы білім беру ортасын ұйымдастыру тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан оң дамуына мүмкіндік береді және тұлғаның жайлылығының бұзылуының қауіп-қатері туралы ықтимал жағдайлардың алдын алады.

«Орта» ұғымы көпқырлы. Индивидті қоршаған жағдайлар мен мүмкіндіктер ретінде орта жан-жақты зерттеліп, оған авторлар жеке тұжырымдары бойынша анықтама берген.

В.В. Рубцованың пікірінше, орта қарым-қатынас, өзара әрекеттестік, өзара байланыс арқылы іске асатын адамның ажырамас әлемі. В.А.Ясвин осы ұғымның мазмұнын талдай

келе, ортаны адамға әсер ету мен жағдайлар кешені ретінде анықтайды да, тұлғаның психологиялық-педагогикалық тұрғыда даму мүмкіндігі деп қарастырады [2, 3].

Ішкі және сыртқы орта адамның қауіпсіздігіне, оның физикалық, әлеуметтік және рухани дамуына ықпал етеді. Адамның қауіпсіздігінде тұрмыстық жағдайы, әлауқат деңгейі, тұрмыстық ортасы, әдет-ғұрыптары, мінез-құлық, адамгершілік және эмоционалдық нормаларды құрайтын әлеуметтік факторлардың орны ерекше.

Адамның әртүрлі даму кезеңдерінде оның қауіпсіздігі үшін білім беру ортасы өте маңызды. Білім беру ортасы соңғы онжылдықта білім беру мәселелерін талқылау және зерделеу кезінде кеңінен қолданылатын ұғым және оның көпаспектілігі мен белгісіздігін растайтын «білім беру ортасының феномені» термині пайда болды. «Білім беру ортасының феномені» білім беруді әлеуметтік өмір саласы, ал «орта» білім беру факторы ретінде ұғындыратын қазіргі заманғы түсінікке байланысты қарастырылады.

В.И. Слободчиковтың пікірінше, білім беру ортасы – білім беруші мен білім алушының кездескен жерінде басталады, онда олар білімді пән ретінде және ортақ қызмет ресурсы ретінде бірлесіп жобалап, құрастыра бастайды және жекелеген элементтер арасында белгілі бір байланыстар мен қатынастар түзіледі. Демек, білім беру ортасы-білім алуға қолдау көрсететін, білім беру үшін бірлесіп қызмет ететін орта. Бұл орта берілген үлгі бойынша тұлғаның қалыптасуына әсер ететін ықпалдар мен шарттар, сондай-ақ оның дамуы үшін әлеуметтік, кеңістік пен заттық мүмкіндік жүйесі болып табылады [4].

Ғылыми әдебиеттерде әртүрлі білім беру мекемелеріндегі білім беру ортасының ерекшелігі төмендегідей қарастырылады, олар:

- білім беру мекемелерінің типтік және түрлілік ерекшеліктерімен;
- баланың өмір тіршілігін ұйымдастыру және басқару жүйесімен;
- балалар тобымен – оқу сыныптарының, уақытша балалар ұжымдарының (үйірмелердің, клубтардың және қызығушылықтары бойынша балалар бірлестіктерінің) топтарымен; көшбасшылардың және көшбасшылық қабілеті төмен тұлғалардың болуымен; баланың басқа ұжымдарға, топтар мен шағын топтардың біріктірілуімен, олардағы баланың қозғалу деңгейімен;
- білім беру мекемелері субъектілерінің әлеуметтік байланысымен (өмір салты, қызметі, мінез-құлқы, өзара әрекеті (өзара әрекеттесуі, өзара көмек, үстемдік, авторитарлық және т. б.), жеке бас үлгісі, жұмыс тәжірибесі (қарым-қатынас, өзара көмек, үстемдік, авторитарлық және т. б.);
- білім беру ортасының ақпараттық құрамдас бөлігі (ішкі тәртіп ережелері, жарғы, конституция туралы декларация, заңдар және т. б.);
- адамдарға қарым-қатынас декларация нормаларымен емес, нақты, олардың пікірлері және бағасымен анықталуымен;
- жеке және қоғамдық қауіпсіздік ұйғарымдары және ережелерімен;
- мектептегі көрнекілік құралдарымен (қандай да бір формада көрсетілген кез келген идеялар; талаптар, бұйрықтар, кеңестер, ережелер, тілектер, яғни білім беру ортасының субъектісіне дербес бағыттап әсер ету);
- ортаның материалдық және соматикалық құрылымы (оқыту жағдайы, бос уақыт және демалыс жағдайлары; психологиялық микроклимат) [2,12-15].

С.В.Тарасовтың пікірінше, білім беру мекемелерінің білім беру ортасының құрылымы үш компоненттен тұрады: кеңістіктік-семантикалық, мазмұндық-әдістемелік; коммуникациялық-ұйымдастырушылық.

Кеңістіктік-семантикалық компонент бұл білім беру мекемесінде балалардың өмір сүру кеңістігін сәулеттік-эстетикалық ұйымдастыру және мектептің символикалық кеңістігі, яғни оның символикасы, атрибуттары, дәстүрлері және т. б.

Мазмұндық-әдістемелік компонент мазмұндық саланы (білім беру мекемесінің өмір сүру концепциясы, тәрбие жұмысының тұжырымдамасы мен бағдарламасы, негізгі

және қосымша білім беру бағдарламалары); білім беру мекемесінде балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру технологиясы, формалары, әдістері (іс-шаралар, ойындар, басқару және өзін-өзі басқару құрылымы және т.б.), іс-шаралар мен ұжымдық шығармашылық істерді дайындау және өткізу.

Коммуникациялық-ұйымдастыру компоненті білім беру мекемесінің білім беру ортасы субъектілерінің ерекшеліктерін, коммуникациялық саласын, ұйымдастыру шарттарын, яғни басқару мәдениетінің ерекшеліктерін білдіреді [2,18].

Г.А. Ковалев еңбектерінде білім беру ортасының құрылымына қатысты басқаша өзара байланысты үш негізгі параметрді бөліп көрсетеді: «физикалық орта» (мектеп бөлмелері мен мектеп ғимараттарының архитектурасы және дизайны және т. б.); «адами фактор» (білім беру процесінің субъектілері арасындағы әлеуметтік тығыздық, оқушылар мен мұғалімдердің жыныстық-жас ерекшеліктері және т.б.); «оқыту бағдарламасы» (іс-әрекет құрылымы, оқыту стилі және т.б.) [5].

В.А. Ясвин білім беру ортасы компоненттерін кеңістіктік-сәулеттік (мұғалім мен оқушыны қоршаған пәндік орта); әлеуметтік (балалар мен ересектердің ортақтығының ерекше формасымен анықталады) және технологиялық (білім беру процесінің мазмұны, бала меңгеретін іс-әрекет тәсілдері, оқытуды ұйымдастыру) деп топтаған [3,113].

Е.А.Климовтың зерттеулері білім беру ортасының құрылымын келесі құрамда ұсынады:

- ортаның әлеуметтік-байланыс бөлігі (жеке бас, мәдениет, тәжірибе, салауатты өмір салты үлгісі; мекемелер, ұйымдар, олардың өкілдерінің өзара қарым-қатынасы; өз тобының және басқа да ұжымдардың құрылымы, адам байланысатын топ және адамның топтарға қосылуы мен нақты орны);
- ортаның ақпараттық бөлігі (ішкі тәртіп ережелері, оқу орнының Жарғысы, дәстүрлер, жеке және қоғамдық қауіпсіздік ережелері, көрнекілік құралдары, дербес бағытталған әсер ету);
- ортаның соматикалық бөлігі (өз денесі және оның жағдайы);
- ортаның пәндік бөлігі (материалдық, физикалық-химиялық, биологиялық, гигиеналық жағдайлар) [2,36].

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту барысында білім беру мәселесінде бірқатар жаңалықтар енгізіліп жатыр: білім беру мазмұнын жетілдіру мақсатында ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары дайындалды, оларды іске асыратын жаңаша оқыту нысандары мен әдістері, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі біртіндеп енгізілуде. Мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары, мектепті басқару моделі және барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы, ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі рөлін белсендіру тетіктерін анықтау үздіксіз жетілдіру үстінде.

Осы тұста жоғарыда атап көрсеткен С.В.Тарасов, Э.Э. Сыманюк, В.А. Ясвин, Е.А. Климов, Г.А. Ковалев сынды авторлардың тұжырымдары және отандық ғалымдардың (Ә.Бисембаева, Г.Ж.Меңлібекова, Г.К. Дилимбетова, Ж.М. Оспанова және т.б.) [3;6;7;8;9]. мәселеге орайлас зерттеулері негізінде білім беру ортасының құрылымын: кеңістік-әлеуметтік(мектеп үйінің заманауи сәулет талаптарына (апатты жағайда болмауы, жарықтың түсуі, бөлме температурасының нормаға сәйкестігі,қозғалысқа мүмкіндігі, объектілердің қолжетімдігі), гигиеналық талаптарға жауап беруі; әлеуметтік (білім беру үдерісіне қатысушы субъектілердің ортақ мақсатқа бірлескен қызметі); мазмұндық-әдістемелік(оқу бағдарламаларының өмірге қажетті дағдыларды меңгеруге бағытталуы, ұлттық және әлемдік өркениет жетістіктерін қамтуы, тәжірибеге бағдарланған заманауи оқыту мен тәрбие әдіс-тәсілдерін білім алушының психологиялық және жас ерекшеліктеріне орай іздеп табуға, оқудан ләззат алуға бағдарлап тандау)деп қарастыру тұлғаны қалыптастыруға

қауіпсіз әрі жайлы орта жасайды деп есептейміз.

Адамдар білім беру ортасын ұйымдастырады, құрады, оған қызмет ету процесінде тұрақты әсер етеді, бірақ, білім беру ортасы да тұтас және жеке элементтерімен білім беру процесінің әрбір субъектісіне әсер етеді.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер білім беру ортасын әртүрлі аспектілер мен нұсқаларда қарастырады, бірақ ең жиі кездесетін түсініктер мыналар: дамытушы білім беру ортасы, психологиялық қауіпсіз білім беру ортасы, ақпараттық қауіпсіз білім беру ортасы, экологиялық қауіпсіз білім беру ортасы, денсаулық сақтау білім беру ортасы, физикалық қауіпсіз білім беру ортасы.

Кезінде дамытушы орта теориясын Ж.Ж. Руссо өз зерттеулерінде ұсынса, П.П. Блонский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий сынды ғалымдар зерттеулері мен жеке тәжірибелерінде педагогтің әсер ету объектісі бала емес, тіпті оның мінез-құлқы да емес, түптеп келгенде баланың жағдайы, өмір сүру ортасы - заттар, адамдар, олардың тұлғааралық қатынастары, қызметі екендігі дәйекті және нақты дәлелдеді.

Соңғы уақытта білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі туралы жиі айтылады. Т.С.Кабаченко психологиялық қауіпсіздікті «белгілі бір адамның, топтың, ақпараттық ортаның, жалпы қоғамның өмір сүру шарты, әлеуметтік субъектілердің (жеке адамның, топтың, жалпы қоғамның) қызмет етуі мен дамуының тұтастығының, бейімделуінің (бейімделудің барлық нысандарының) бұзылуына ықпал етпейтін шарт» деп қарастыруды ұсынады [2,42]. Білім алушының психологиялық қауіпсіз білім беру ортасы тұлғаның өмір сүру шарты, білім алу қажеттілігі, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін жағдай және бейімделу, қажетті қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыру тұтастығы.

Психологиялық қауіпсіздікті талдауға қатысты мәселелерді мамандар ақпараттық қауіпсіз білім беру ортасының контекстінде көтереді (Г. В. Грачев, В. Е. Лепский, Т. С. Кабаченко). Ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік жеке адамдардың немесе топтардың жағымсыз ақпараттық-психологиялық әсерлерден және осыған байланысты жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінен қорғалу жағдайы ретінде түсініледі. Зерттеушілер ақпараттық қауіпсіз білім беру ортасы жаңа педагогикалық жүйе; оқу-әдістемелік және ұйымдастыру кешені; жаңа білім, фактілер, ақпараттар, мәдениетпен байланысты педагогикалық құбылыс ретінде түрлі аспектіде қарастырады.

Соңғы жылдардағы зерттеулер экологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру туралы айтуға мүмкіндік береді. Е.А. Алисованың пікірінше, экологиялық қауіпсіз білім беру ортасы деп тұлғаның даму мүмкіндігін және оның экологиялық факторлардың теріс әсерінен қорғалуын және табиғат әлемімен өзара іс-қимылдың оңтайлылығын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлар мен әсерлердің жүйесі түсініледі [10].

Өскелең ұрпақтың денсаулығы бүкіл әлемде кеңінен талқыланып, бұл проблемамен ғалымдар, дәрігерлер, физиологтар, психологтар, тіпті саясаткерлер айналысады. Әрине педагогтар білім алушының денсаулығын қолдау және қалыптастыру проблемасынан тыс қалмайды. Осыдан мектеп бағдарламасы шеңберінде денсаулықты сақтау мен нығайтуға арналған бөлімдер енгізіліп келеді.

Н.Т. Рылова білім беру мекемелерінің денсаулық сақтау ортасын білім алушының әлеуметтік, физикалық және психологиялық денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты түрлі мекемелердің профилактикалық, ұйымдастырушылық және басқару қызметтерінің жиынтығы ретінде қарастыруды қолдайды.

Осылайша, авторлар білім беру ортасының түрлерін психологиялық-педагогикалық аспектіде зерттеп, жайлы білім беру ортасының бұзылуының қауіп-қатері туралы ықтимал түсініктерді қарастырады және тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі тұрғысынан оң дамуын болжайды.

Білім беру мекемесінің білім беру ортасының жайлылығы мен қауіпсіздігі білім беру процесінің барлық қатысушыларының әрекеттерімен қамтамасыз етіледі. Жайлы

және қауіпсіз білім беру ортасын құру оның қатысушыларының өмір сүру қауіпсіздігінің мәні туралы қажетті білімдерді меңгеруі нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар оны ұйымдастырудағы іскерлікті қалыптастыру нәтижесінде мүмкін болады. Қауіпсіз өмір сүру адамның, қоғамның, өркениеттің қажеттілігіне айналуы маңызды. Бұған жаңа дүниетанымды, идеалдар мен құндылықтар жүйесін, адамдардың қауіпсіз мінез-құлық нормалары мен дәстүрлерін, жалпы өмір сүру мәдениетін қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Делор Ж. Образование: сокрытое сокровище. – UNESCO, 1996 [Электронный источник]. – URL: <http://www.myshared.ru/slide/732836> (дата обращения: 10.09.19)
2. Непрокина И.В. Безопасная образовательная среда: моделирование, проектирование, мониторинг: учеб. пособие / И.В. Непрокина, О.П. Болотникова, А.А. Ошкина. – Тольятти: Изд-во ТГУ, 2012. – 92 с.
3. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию / В.А. Ясвин. – М.: Смысл, 2001. – 365 с.
4. Слободчиков, В.И. О понятии образовательной среды в концепции развивающего образования / В.И. Слободчиков // Выступление на пленарном заседании Первой российской конференции по экологической психологии (Москва, 3–5 декабря 1996 г.).
5. Ковалев Г.А. Психологическое развитие ребенка и жизненная среда / Г.А.Ковалев // Вопросы психологии. – 1993. – № 1. – С. 13–23.
6. Сыманюк Э.Э. Психологическая безопасность образовательной среды / Э.Э. Сыманюк. – М.: Академический проект, 2004.
7. Менлибекова Г.Ж. «XXI ғасырдағы андрагогикалық білім: мәселелері мен шешу жолдары» /Халықаралық ғылыми семинар жинағы. 20 сәуір, 2018 ж. – Астана, «Центр Элит» баспасы, 2018. - 192 б.
8. Дилимбетова Г.К. Научные подходы к экологизации системы образования в условиях развития «зеленой экономики: сборник материалов Международного научно-практического семинара.-Астана, 27 апреля, 2018 г. –Астана: ТОО «Мастер По», 2018. - 339 с.
9. Рефлексия на уроке: методические рекомендации / Ж.М. Оспанова. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». Центр педагогического мастерства, 2016. – 41 с.
10. Алисов Е.А. Педагогическое проектирование экологически безопасной образовательной среды : автореф. дис. ... д-ра пед. наук / Е.А. Алисов. – М., 2011. – 36 с

N.P. Albytova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Safe and comfortable educational environment of a learner

Abstract. The article deals with the problems of development of modern education related to the ability of teachers to create and maintain psychological security and comfort in the educational environment and interaction. The article reveals scientific approaches to the identification of the essence of the concept of “educational environment”, analyzes the structure, specificity and varieties of the educational environment.

In determining the structure of the educational environment, the author relies on research and publications of domestic and foreign authors.

The author notes that the creation of a comfortable and safe educational environment is possible not only as a result of the assimilation of theoretical knowledge, but also the formation of skills in its organization. The emphasis is placed on the importance of forming a new worldview, system of ideals and values, norms and traditions of safe behavior of people, culture of life in General.

Keywords: development, environment, social environment, educational environment, structure of educational environment, features of educational environment.

Н.П. Албытова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Безопасная и комфортная образовательная среда обучающегося

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы развития современного образования, связанные с умением педагогов создавать и поддерживать психологическую безопасность и комфортность в образовательной среде и в процессе взаимодействия. Раскрываются научные подходы к выявлению сущности понятия «образовательная среда», анализируется структура, специфика и разновидности образовательной среды.

При определении структуры образовательной среды автор опирается на научные исследования и публикации отечественных и зарубежных авторов.

Автор отмечает, что создание комфортной и безопасной образовательной среды возможно не только в результате усвоения теоретических знаний, но и формирования умений в ее организации. Ставится акцент на важность формирования нового мировоззрения, системы идеалов и ценностей, норм и традиций безопасного поведения людей, культуры жизнедеятельности в целом.

Ключевые слова: развитие, среда, социальная среда, образовательная среда, структура образовательной среды, особенности образовательной среды.

References

1. Delor Zh. *Obrazovanie: sokrytoe sokrovishhe* [Education: hidden treasure] (UNESCO, 1996).
2. Neprokina, I.V. *Bezopasnaja obrazovatel'naja sreda: modelirovanie, proektirovanie, monitoring* [Safe educational environment: modeling, design, monitoring]. Textbook (Izd-vo TGU, Tol'jatti 2012, 92 p).
3. Jasvin V.A. *Obrazovatel'naja sreda: ot modelirovanija k proektirovaniju* [Educational environment: from modeling to design] (Smysl, Moscow, 2001, 365 p.).
4. Slobodchikov V.I. *O ponjatii obrazovatel'noj sredy v koncepcii razvivajushhego obrazovanija* [On the concept of the educational environment in the concept of developing education], *Vystuplenie na plenarnom zasedanii Pervoj rossijskoj konferencii po jekologicheskoj psihologii* [Speech at the plenary meeting of the First Russian Conference on Environmental Psychology] (Moscow, December 3-5, 1996).
5. Kovalev G.A. *Psihologicheskoe razvitie rebenka i zhiznennaja sreda* [The psychological development of the child and the living environment] G.A.Kovalev, *Voprosy psihologii* [Psychology Issues], 1, 13-23 (1993).
6. Symanjuk Je.Je. *Psihologicheskaja bezopasnost' obrazovatel'noj sredy* [Psychological safety of the educational environment] (Akademicheskij projekt, Moscow, 2004).
7. Menlibekova G.Zh. *XXI gasyrdagy andragogikalyk bilim: maseleleri men sheshu zholdary* [Androgological knowledge in the 21st century: problems and solutions] *Halykaralyk gylimi seminar zhinagy* [Collection of international scientific conference]. April 20, 2018 («Centr Jelit» baspasy, Astana, 2018, 192 p.).
8. Dilimbetova G.K. *Nauchnye podhody k jekologizacii sistemy obrazovanija v uslovijah razvitija «zelenoj jekonomiki»: sbornik materialov Mezhdunarodnogo nauchno-prakticheskogo seminar* [Scientific approaches to the greening of the education system in the context of the development of the «green economy: a collection of materials of the International scientific and practical seminar] -Astana, April 27, 2018 (LLP «Master Po», Astana, 2018, 339 p.).
9. Ospanova Zh.M. *Refleksija na uroke: metodicheskie rekomendacii* [Reflection in the lesson: guidelines] (AEO «Nazarbaev Intellektual'nye shkoly», Centr pedagogicheskogo masterstva, Astana, 2016, 41 p.).
10. Alisov E.A. *Pedagogicheskoe proektirovanie jekologicheski bezopasnoj obrazovatel'noj sredy* [Pedagogical design of an environmentally friendly educational environment]. Abstract of the dissertation of a doctor of pedagogical sciences (Moscow, 2011, 36 p.).

Автор туралы мәлімет:

Албытова Н.П. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Albytova N.P. - Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of “Social Pedagogics and Self-Knowledge” Department, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.